



Ел жүргі - елорда шекіресі

АСТАНА АКШАМБЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ГЕРМАНИЯДАҒЫ БИЛІК Дағдарысы

Еуропа одағындағы ең басты мемлекет – Германия қазір Екінші дүниежүзілік соғыстың соңғы кезеңіндегі Адольф Гитлердің кезінен бергі бірінші аса ірі билік дағдарысын бастан кешіп жатыр. Сондықтан қазіргі күндері әлем саяси сарапшыларының көбінің назары осы алман жеріне ауып отыр.



ГФР президенті Франк-Вальтер Штайнмайер мұның зардалты тамыры биылғы 24 қыркүйекте өткен парламент сайлауының қорытындысында бірдей-бір саяси партияның коалиция құруға қауқарсыз болып қалғанында жатқанын мәлімдеді. Бұған дейін темірдей тіп-тік тәртіпке үйреніп қалған герман жұртшылығы мынадай белгісіздіктің беленіне түсіп кеткен жағдаятқа алабөтен аландай бастады.

Коалиция жасақтауға ХДАС/ХСС, «Еркін демократиялық партия» және «жасылдар» қатысты. Бұл сайлау қорытындысы бойынша алдыңғы қатардан орын алған ұйымдар еді. Тағы бір ірі саяси ұйымның мүшелері – социал-демократтар (СДПГ) Меркельмен бірге жұмыс жасасудан бас тартты. Қорытындыда тараптар түрлі мәселелер бойынша бір-бірлерімен ортақ тіл табыса алмады. Осыған сәйкес, «Еркін демократиялық партия» 20 қараша күні келіссөзді жалғастырудан шығатының мәлімдеді. Демократтардың бұл шешімі канцлер Ангела Меркельдің жоспарларын толық быт-шыт еткелі түр. Себебі бұдан кейін парламентте жалпы алғанда 44 пайыздық орындары бар

ХДС/ХСС пен «жасылдар» коалиция құру үшін керекті дауыс мөлшерінен айрылып, үкімет жасақтау мүмкіндігін жоғалтады.

Алайда Штайнмайер партиялардың әлі де ымыраға келетіндерінен үмітті.

Сол себепті ол саяси ұйымдар жетекшілеріне қалайда өзара түсіністік тауып, коалиция құру жөніндегі кездесуді жалғастыруға шақырды. Бірақ партиялар тарапынан бұл шақыруды тыңдай қоятындар табылатынына сенім аз.

Әйткені олардың әрбірі жаңадан сайлау өте қалса, парламентке қосымша орын алуға мүмкіндіктері бар секілді сезінеді. Сайлаудың қайта өтуіне Ангела Меркель де, негізінен, қарсы емес. «Үкіметті азшылық дауыспен құрганнан гөрі соның өзі әділ шешім болар еді» деді ол. Айтқандай, үкіметті азшылықпен құруға бундестагтың спикері Вольфганг Шойбле де қарсылық білдірді. «Біздің тұрақтылық пен тәртіпке ұмтылысымыз олардың тұрақты көпшілік дауыспен жасалғанын талап етеді» деді ол. Неміс истеблишменті мүгедектер арбасында отыратын осы «ауыр салмақты» саясаткерді, Меркель отставкаға кете қалған жағдайда, канцлердің орнына отыра алатын бірден-бір ықтимал кандидат ретінде де қарастырады.

Бірақ Ангела Меркель ханымның өз орынтағынан кете қалатын түрі көрінбейді. Ол «елдің алдағы төрт жылдағы тағдырына жауапкершілікті» өзінің мойнына алуға дайын екенін баяндап үлгерді. Осыған орай, саясаткер отставка туралы қаперіне де алғысы келмейтінін айтты. «Бұл туралы сөз етудің өзі мүмкін емес. Қазір Германия тұрақтылыққа мұқтаж» деді ол.

Меркель осы ретте СДПГ-мен үлкен коалиция құруға да әзір екенін мәлімдеді. Алайда социал-демократтар тағы да келіспеді.

Германиядағы дағдарыс Британия азаматтарын да қатты ойландырып тұр. Елдегі белді басылымдар қазір жаңа билеуші коалиция құру жөніндегі келіссөз сәтсіздікке ұшыраған соң канцлер Ангела Меркельдің қандай халге душар болып жатқаны жайлы жазып жатыр. «Бұл – Еуропа үшін жағымсыз жаңалық» деп атап көрсетті Times. Газет шолушысы Меркельдің қолдауынан айрылса, Франциядағы президент сайлауында Эмманюэль Макрон жеңіске жеткеннен кейін орнаған Германия–Франция арасындағы жаңа динамикалық белдемше күйрейтініне күмән келтірмейді. Басылым сондықтан Еуропаның келешекте көретін күнін күңгірт түсті етіп суреттеп, Ұлыбритания, Испания және Италия сияқты елдерді ішкі проблемалардың тұралатынын атап өтеді. Консерваторлардың мінбесі – Daily Telegraph газеті немістерде орын алғып жатқан дағдарыс «Еуропаның ең ықпалды саясаткері Меркельдің тұра өзінің мәртебесіне соққы болып тиетінін» айтЫП, канцлерде тіпті «құрлықты кезіп жүрген өзгерістердің саяси желіне» қарсы тұра алатын иммунитеттің де жетпей қалғанын жазыпты.

«Неміс канцлерінің беделіне ақырында нұқсан келе бастады, – деп пікір білдірді Financial Times. – Бұл елдің ішінде де, сыртында да айтартықтай елеулі зардаптардың көрініс беруіне алғып барады». Газет тілшісі мұның астарында Британияның Еуроодакпен есеп айрысуы барысында «Брюссель төрешілерінің» білгендерін істемеулерінде Меркельдің араша болатыны жөніндегі үміттің үзіле бастағанына назар аударады. Себебі «канцлердің өзінің ендігі болашағы бұлыңғыр», «бірақ оның күйреуге ұшырайтыны

туралы тұжырым шығаруға тым ерте».

Қазір Германия қоғамы жаңа үкімет жасақтау турасында екіге жарылып тұр. Мұны немістің Әлеуметтік зерттеулер институты жақын күндерде жүргізген сауалдама нәтижесі көрсетіп беріп отыр. Рас, респонденттердің басым бөлігі парламент сайлауының қайтадан өткенін қалайды. Олар сұрау салынғандардың 45 пайызын құрайды. Тағы 27 пайыздық мөлшер үкіметтің үлкен коалиция арқылы жасақталғанын жөн санайды. Тек 24 пайыздық жүртшылық қана үкіметті азшылықпен-ақ құра беруді қолдайды. Бірақ сарапшылар қайталап өткізілетін сайлауда да биылғы қыркүйектегі көрсеткіштің оншама өзгере қоймайтынын алға тартады. Ал егер ХДС/ХСС сол кездегіден де төмен дауыс алып, СДПГ тіпті құлдырап кететін болса, үлкен коалицияның өзі құрылмай қалар еді.

Енді оқиғаның бұдан әрі қалай өрбитіні президенттің шешіміне байланысты болмақ. Оның алдында бұл ретте екі тұрлі таңдау тұр. Біріншісі – христиан-демократтарға елдің тарихында бірінші рет азшылықпен үкімет жасақтауға рұқсат береді, екіншісі – парламенттің жаңа сайлауы өткізетінін жариялады. Бұған дейін Франк-Вальтер Штайнмайердің алдымен «жасылдармен», еркін демократтармен, сосын СДПГ-мен ақылдасып алмақшы көрінеді.

Сарапшылар президенттің бұл кездесулерде «елдегі саяси дағдарыстан шығып кету үшін өзінің партиялық ескі достарын христиан-демократтармен өзара келісе отырып жұмыс жасауға итермелейуі» мүмкін екенін жоққа шығармайды.